



INTERNATIONAL SCHOOL
OF ECONOMICS MNU

Диссертацияны ресімдеуге қойылатын талаптар

Астана

2025

Мазмұны

1. Мақсаты мен қолдану саласы	3
2. Тіл және академиялық жазу стандарттары	3
2.1 Диссертация тілі	3
2.2 Академиялық ағылшын тілін жетілдіру	3
3. Диссертацияның рұқсат етілген форматтары	3
3.1 Монография түріндегі классикалық диссертация	3
3.2 Мақалалар негізіндегі диссертация	3
4. Нормативтік база	4
5. Диссертацияның міндетті құрылымы	4
6. Құрылымдық элементтерге қойылатын талаптар	4
6.1 Титулдық бет	4
6.2 Мазмұны	5
6.3 Жасанды интеллектті пайдалану	5
6.4 Нормативтік сілтемелер	5
6.5 Анықтамалар	5
6.6 Қысқартулар мен белгілер	5
6.7 Кіріспе	5
6.8 Негізгі бөлім	5
6.9 Қорытынды	6
6.10 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	6
6.11 Қосымшалар	6
7. Ресімдеу және типографиялық талаптар	7
7.1 Бет форматы	7
7.2 Қаріп және жоларалық интервал	7
7.3 Нөмірлеу	7
Нөмірлеу иерархиясы:	7
7.4 Кестелер мен суреттер	7
7.5 Формулалар	7
7.6 Дәйексөз келтіру	7
8. Академиялық сапа бойынша қосымша ұсынымдар	8
9. Пайдалы ресурстар	8
Қосымша А	9

1. Мақсаты мен қолдану саласы

Осы ұсынымдар Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарына және халықаралық озық академиялық тәжірибелерге сәйкес PhD докторлық диссертацияларының құрылымын, ресімделуін және ұсынылуына қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Тіл және академиялық жазу стандарттары

2.1 Диссертация тілі

Диссертация ағылшын тілінде жазылуы тиіс.

Студенттер ағылшын тілінің британдық немесе американдық нұсқасын қолдана алады, алайда бүкіл мәтін бойы бір ғана нұсқаны жүйелі түрде ұстануы қажет.

Диссертацияның анықтығын, қисындылығын және академиялық тіл нормаларының дұрыстығын қамтамасыз ету үшін кәсіби редакциядан өтуі тиіс.

2.2 Академиялық ағылшын тілін жетілдіру

Студенттерге келесі ресурстарды пайдалану ұсынылады:

- Springer Nature ұсынатын академиялық жазу бойынша тегін онлайн курстар (жиі кездесетін қателер, ойды анық жеткізу);
- McCloskey, *Economical Writing* (анықтық пен дәлдік үшін);
- Thomson, *A Guide for the Young Economist*;
- экономика саласындағы дәйексөз келтіру жөніндегі нұсқаулық (Reed College): https://www.reed.edu/economics/resources/econ_citationguide.pdf

3. Диссертацияның рұқсат етілген форматтары

Сіз ғылыми жетекшіңізбен келісу арқылы келесі екі құрылымның бірін таңдай аласыз:

3.1 Монография түріндегі классикалық диссертация

Біртұтас, кешенді зерттеу, оған мыналар кіреді:

- әдебиеттерге шолу
- әдіснама
- эмпирикалық немесе теориялық талдау
- нәтижелер және оларды талқылау
- қорытынды

3.2 Мақалалар негізіндегі диссертация

Кемінде екі мақала мен бір шолудан немесе үш мақаладан тұратын серия түріндегі диссертация. Бұл мақалалар Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша бірінші және/немесе екінші квартильге кіретін журналдарда жариялануы тиіс және диссертация мазмұнына сәйкес ғылыми бағыттарға жатуы қажет.

Мақалалардың бірінде докторант бірінші автор немесе корреспонденция үшін жауапты автор болуы тиіс.

4. Нормативтік база

Ресімдеу талаптары төмендегі құжаттармен айқындалады:

- Диссертациялар мен авторефераттарды ресімдеу жөніндегі нұсқаулық (2004): <https://nauka.kz/upload/files/instrukciya.pdf>
- ҚР БҒМ №127 бұйрығы (2011) «Ғылыми дәрежелерді беру қағидалары».

5. Диссертацияның міндетті құрылымы

Ұлттық стандарттарға сәйкес диссертация келесі элементтерден тұруы тиіс (әрқайсысы жаңа беттен басталады):

- титулдық бет
- мазмұны
- нормативтік сілтемелер (қажет болған жағдайда)
- анықтамалар (қажет болған жағдайда)
- қысқартулар мен белгілер
- кіріспе
- негізгі бөлім (тарауларға, бөлімдерге, бөлімшелерге бөлінеді)
- қорытынды
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі
- қосымшалар

Толық талаптар төменде берілген.

6. Құрылымдық элементтерге қойылатын талаптар

6.1 Титулдық бет

Келесілерді қамтуы тиіс:

- зерттеу жүргізілген ұйымның атауы
- УДК индексі (Әмбебап ондық жіктеу)
- докторанттың толық аты-жөні
- диссертацияның толық атауы
- ғылыми мамандықтың коды мен атауы
- берілетін дәреже (PhD)
- ғылыми жетекшінің (жетекшілердің) аты-жөні
- қала және жыл
- докторанттың қолы

(Үлгісі А қосымшада берілген)

УДК индексі Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылыми порталының ұсынымдарына сәйкес анықталады:

<https://nauka.kz/upload/files/55. GOST 7.90-2007.pdf>

6.2 Мазмұны

Келесі бөлімдер үшін бет нөмірлерін қамтиды:

- барлық тараулар, бөлімдер және бөлімшелер
- кіріспе
- қорытынды
- әдебиеттер тізімі
- қосымшалар

6.3 Жасанды интеллектті пайдалану

Әр тараудың соңында жасанды интеллект технологияларын пайдалану туралы сипаттамасы бар абзац берілуі тиіс: қолданылған технологияның атауы, әзірлеушісі (құқық иесі), нұсқасы, қол жеткізу және пайдалану күні, сондай-ақ диссертацияда қолданылған нәтижелер алынған сұраулардың (prompts) сипаттамасы.

Сонымен қатар жасанды интеллект қолданылған зерттеу кезеңдері, оны пайдалану тәсілдері, сондай-ақ алынған деректердің дұрыстығын тексеру және/немесе оларды өңдеу мен интерпретациялау әдістері сипатталуы қажет.

Мұндай ақпараттың болмауы автордың диссертацияны дайындау барысында жасанды интеллект қолданылмағанын растайды.

6.4 Нормативтік сілтемелер

Диссертацияда сілтеме жасалған стандарттар мен нормативтік құжаттар көрсетіледі.

6.5 Анықтамалар

Міндетті емес бөлім. Арнайы терминдерді түсіндіру қажет болған жағдайда енгізіледі.

6.6 Қысқартулар мен белгілер

Диссертацияда қолданылатын барлық қысқартулар, аббревиатуралар, таңбалар, айнымалылар және өлшем бірліктерінің тізімі беріледі.

6.7 Кіріспе

Келесілерді қамтуы тиіс:

- зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығы
- ғылыми мәселе және гипотеза
- зерттеу нысаны мен пәні
- мақсат және зерттеу сұрақтары
- ғылыми жаңалығы
- әдіснамаға шолу
- ғылымға күтілетін үлес
- қорғауға ұсынылатын ережелер

6.8 Негізгі бөлім

Келесілерді қамтиды:

- зерттеудің негіздемесі және әдіснамасы
- таңдалған бағыттың негіздемесі
- зерттеу дизайны және теориялық негізі
- әдістердің сипаттамасы (теориялық, эмпирикалық, статистикалық, эконометриялық)
- зерттеу барысы және нәтижелері
- деректердің сипаттамасы
- талдау және қорытындылар
- теориялық әзірлемелер немесе эмпирикалық нәтижелер
- талқылау және бағалау
- нәтижелердің тұрақтылығын тексеру (robustness checks)
- қолданыстағы әдебиеттермен салыстыру
- зерттеудің шектеулері және болашақ зерттеу бағыттары

6.9 Қорытынды

Келесілерді қамтиды:

- негізгі нәтижелер
- ғылымға қосқан үлесі
- практикалық маңыздылығы
- ұсынымдар
- нәтижелерді қолдану мүмкіндігі

6.10 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Бірыңғай стильде рәсімделуі тиіс (мысалы, экономикалық дәйексөз келтіру стилі немесе келісілген жағдайда APA/Chicago).

Дереккөздер мәтінде келтірілу ретіне сәйкес ұлттық стандарттарға сай беріледі.

ГОСТ немесе танылған академиялық стиль бойынша дұрыс библиографиялық рәсімдеу сақталуы қажет.

6.11 Қосымшалар

Қосымша материалдарды қамтиды, мысалы:

- қосымша кестелер, дәлелдер, деректер
- сауалнамалар
- алгоритмдер, кодтар, бағдарламалар сипаттамалары
- эксперимент хаттамалары

Қосымшалар нұсқаулыққа сәйкес бас әріптермен (А, В, С...) белгіленеді (7-бет).

7. Ресімдеу және типографиялық талаптар

7.1 Бет форматы

- Қағаз форматы: А4
- Басып шығару: тек бір жақ бетіне

- Жиектер:
 - сол жақ: 30 мм
 - оң жақ: 10 мм
 - жоғары: 20 мм
 - төмен: 20 мм

7.2 Қаріп және жоларалық интервал

- Негізгі қаріп: Times New Roman, 14 пт
- Жоларалық интервал: 1.0 (дара)
- Мәтінді туралау: ені бойынша (екі жаққа туралау)
- Абзацтық шегініс: ұсынылады 1,25 см

7.3 Нөмірлеу

- Араб цифрлары қолданылады
- Бет нөмірлері — беттің төменгі жағында, ортасында
- Титулдық бет бірінші бет болып есептеледі, бірақ нөмірі қойылмайды

Нөмірлеу иерархиясы:

- Тараулар: 1, 2, 3...
- Бөлімшелер: 1.1, 1.2, 1.3...
- Тармақтар: 1.1.1, 1.1.2 және т.б.

7.4 Кестелер мен суреттер

- Алғаш рет аталған абзацтан кейін орналастырылады
- Нөмірленуі тиіс (мысалы: Кесте 1, Сурет 1)
- Кестелер мен суреттердің атаулары қысқа болуы тиіс
- Барлық кестелер мен суреттер мәтінде сілтеме арқылы көрсетілуі қажет

7.5 Формулалар

- Жеке жолға орналастырылады
- Жоғары және төмен жағында бір бос жол қалдырылады
- Формулалар оң жақта нөмірленеді: (1), (2), (3)...
- Таңбалардың мәні формуланың астында түсіндіріледі

7.6 Дәйексөз келтіру

- Ұлттық талаптарға сәйкес мәтін ішіндегі сілтемелер төртбұрышты жақшада беріледі (мысалы: [12], [12, 25-б.])
- Ғылыми жетекші немесе мектеп мақұлдаған жағдайда бірыңғай халықаралық стильді қолдануға рұқсат етіледі

8. Академиялық сапа бойынша қосымша ұсынымдар

- Барлық тарауларда бірізділікті сақтаңыз
- Түсінікті академиялық ағылшын тілін қолданыңыз; артық кәсіби жаргоннан аулақ болыңыз
- Мақсаттар, әдістер, нәтижелер мен қорытындылар арасындағы логикалық сәйкестікті сақтаңыз
- Құрылым мәселелері бойынша (монография немесе мақалалар) ғылыми жетекшімен тұрақты түрде кеңесіңіз
- Дәйексөз келтірудің этикалық нормаларын сақтаңыз, плагиаттан аулақ болыңыз және деректердің сенімділігін қамтамасыз етіңіз

9. Пайдалы ресурстар

- McCloskey — *Economical Writing*
- Thomson — *A Guide for the Young Economist*
- Springer Nature академиялық жазу бойынша оқу материалдары
- Экономикадағы дәйексөз келтіру нұсқаулығы (Reed College)
- Америкалық экономикалық қауымдастықтың диссертация құрылымы бойынша ұсынымдары

Қосымша А

Диссертацияның титулдық беті

MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY

УДК (Әмбебап ондық жіктеу)

Қолжазба құқығында

ТЕГІ, АТЫ, ӘКЕСІНІҢ АТЫ

Диссертацияның атауы

Мамандықтың коды мен атауы
(ғылыми мамандықтар номенклатурасына сәйкес)

_____ ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған
диссертация

Ғылыми жетекші
(кеңесші)

Шетелдік ғылыми кеңесші

Қазақстан Республикасы,

Астана, жыл